

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 14 қаңтардағы № 15 "Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды мадақтаудың кейбір мәселелері туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 29 шілдедегі № 143 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 31 шілдеде № 5518 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі "Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы" Заңының 3-бабы 2-тармағы 3) тармақшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімдігінің "Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің кейбір мәселелері туралы" 2015 жылғы 14 қаңтардағы № 15 қаулысына ("Әділет" Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілер ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 27 ақпанында жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3109 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды мадақтаудың қағидасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігі
Солтүстік Қазақстан
облысының полиция
департаменті Мамлют
ауданының полиция
бөлімінің бастығы

С.Әлжанов

" _____ " _____ 2019 ж.

Солтүстік Қазақстан облысы
Мамлют ауданы әкімдігінің
2019 жылғы " __ " _____
№ __ қаулысына қосымша
Солтүстік Қазақстан облысы
Мамлют ауданы әкімдігінің
2015 жылғы 14 қаңтардағы
№ 15 қаулысымен бекітілген

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды мадақтау қағидасы

Осы Қағида қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу тәртібін айқындайды.

1. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды мадақтау мәселелерін Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды мадақтау жөніндегі аудандық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) қарастырады.

2. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге белсенді қатысатын азаматтарды мадақтау туралы ұсынымды Комиссияға қарауға "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Солтүстік Қазақстан облысының полиция департаменті Мамлют ауданының полиция бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Мамлют ауданының ПБ) енгізеді.

3. Комиссия қабылдайтын шешім мадақтау үшін негіз болып табылады.

4. Мадақтау түрлерін, соның ішінде ақшалай сыйақы мөлшерін, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесін ескере отырып, Комиссия белгілейді.

5. Ақшалай сыйақыны төлеу және құнды сыйлықты алу үшін Комиссия қабылдайтын шешімге сәйкес, қосымша Мамлют ауданының ПБ бастығының бұйрығы шығарылады.

6. Мамлют ауданының ПБ ақшалай сыйақыны төлеуді және бағалы сыйлықты алуды облыстық бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

7. Мадақтауды төлеуге қаражат "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Солтүстік Қазақстан облысының полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі 252 003 "Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу" бюджеттік бағдарламасымен облыстық бюджеттен көзделеді.

8. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін азаматтарға Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімінің Құрмет грамотасын, ақшалай сыйақыны, бағалы сыйлықтарды беру Мамлют ауданының ПБ салтанатты жағдайда жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК